

## Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанынан Азық-түлік контракт комитетін құру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 5 сәуірдегі N 412

Мемлекет мұқтажы үшін астық сатып алуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанынан Азық-түлік контракт комитеті құрылсын (бұдан былай - Азық-түлік контракт комитеті).

2. Азық-түлік контракт комитетіне мыналар:  
мемлекеттік ресурсқа орталықтандырылған астық сатып алу жөніндегі мемлекеттік тапсырысшы міндетін жүзеге асыру;  
дайындаушы ұйымдар арасында мемлекет мұқтажы үшін астық сатып алуға тапсырыстарды орналастыру;  
мемлекеттік ресурсқа астық сатып алуды ұйымдастыру және беруге бақылау жасау;  
мемлекеттік ресурс астығын пайдалануды ұйымдастыру, оның қозғалысына есеп және бақылау жасауды жүзеге асыру жүктелсін.

3. Азық-түлік контракт комитеті Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мемлекеттік ресурсқа астық көлемін сатып алуға керекті қаражат қажеттілігін белгілесін және аталған операцияларды қаржыландыруға тартылатын кредит бойынша берешекті өтеу жөніндегі есеп айырысуларды жүргізетін болсын.

4. Азық-түлік контракт комитетінің 10 адам құрамындағы шекті саны және бір жеңіл қызмет автомобиліне лимит белгіленсін (Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің есебінен).

Азық-түлік контракт комитетін ұстау республиканың бюджет қаржысы есебінен жүзеге асырылсын.

5. Азық-түлік контракт комитетінің қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің орталық аппараты қызметкерлерінің тиісті категориясы үшін белгіленгендегідей материалдық тұрмыстық қамтамасыз ету, медициналық қызмет көрсету жағдайы жасалсын.

6. Азық-түлік контракт комитеті жөніндегі қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

7. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Мемлекеттік ресурсқа 1995 жылдың астығын сатып алуды қамтамасыз ету туралы" 1995 жылғы 21 наурыздағы N 309 қаулысының 2 тармағының бірінші абзацы мынадай редакциямен берілсін:

"Сақтауға жинақтау сәтінен 3 класты жұмсақ бидайдың бір тоннасы үшін 80-нен (сексен) аспайтын АҚШ долларына пара-пар баға бойынша жоғарыда аталған астық компанияларымен астық сатып алуға тиісті шарттар жасайтын Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанынан Азық-түлік контракт комитетін құру мақсатты деп танылсын".

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 5 сәуірдегі  
N 412 қаулысымен  
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы  
министрлігі жанындағы Азық-түлік контракт  
комитеті туралы  
Ереже

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы жанындағы Азық-түлік контракт комитеті (бұдан былай - Комитет) контракттық негізде ресурсқа орталықтандырылған астық сатып алуды қамтамасыз ету мақсатында құрылды.

2. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің қаулылары мен өкімдерін, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулылары мен басқа да актілерін, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің бұйрықтары мен өкімдерін және осы Ережені б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

3. Комитет заңды ұйым болып табылады, осы Ереже белгілеген құқықтарды пайдаланады және Қазақстан Республикасының барлық аумағында өз қызметіне байланысты міндеттерді орындайды.

Комитеттің дербес балансы, банк мекемелерінде шоты, қазақ және орыс тілдерінде өз атауы жазылған белгіленген үлгідегі мөрі болады.

4. Комитеттің негізгі міндеттері мыналар:  
мемлекеттік ресурсқа орталықтандырылған астық сатып алу жөніндегі мемлекеттік тапсырысшы міндетін жүзеге асыру;  
дайындаушы ұйымдар арасында мемлекет мұқтажы үшін астық сатып алуға тапсырыстарды орналастыру;

мемлекеттік ресурсқа астық сатып алуды ұйымдастыру, беруге және оны мемлекет мұқтажы үшін пайдалануға бақылау жасау;

мемлекеттік ресурс астығының қозғалысына есеп және бақылау жасау.

5. Жүктелген міндетке сәйкес Комитет:

конкурстық негізде астық сатып алу жүктелетін шаруашылық жүргізуші субъектілерді анықтайды және Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілеген баға бойынша мемлекеттік ресурсқа астық сатып алуға олармен шарттар ж а с а й д ы ;

мемлекеттік ресурс астығын есеп және бақылау жасайды, оларды пайдалануға жіберу жөнінде ұсыныстар әзірлейді.

Астықты ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілерден астық қабылдау пунктеріне дейін жеткізу жөніндегі шығындар дайындау ұйымдарының (астық компанияларының) шығындарына енгізіледі.

Астықты сақтау мен әзірлеу үшін есеп айырысулар шарттарда келісілген баға б о й ы н ш а жүзеге а с ы р ы л а д ы .

мемлекеттік ресурс астығының қозғалысы мен оны пайдалану жөнінде тоқсан с а й ы н е с е п т а п с ы р а д ы .

6. Комитет мемлекеттік астық сатып алуды жүзеге асыру үшін кредиттік ресурстарды, шет елдік және отандық қаржыны, басқа да қаржы ресурстарын тарта а л а д ы .

7. Комитет өзіне жүктелген міндеттер мен қызметтерді қамтамасыз ету үшін белгіленген тәртіппен министрліктерден, ведомстволардан және басқа органдардан қажетті ақпаратты сұрауға және алуға құқы бар.

8. Комитетті ұстайтын шығындарды қаржыландыру республика бюджетінің қаржысы есебінен жүзеге асырылады.

Комитеттің құрылымын Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы м и н и с т р л і г і б е к і т е д і .

9. Комитетті Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындайтын Т ө р а ғ а б а с қ а р а д ы .

Комитет Төрағасы Азық-түлік контракт комитетіне жүктелген міндеттер мен қызметтердің орындалуы үшін дербес жауап береді.